


## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE еуропалық ESMA реттегішінің талаптарына сәйкес келеді.
- KASE MOEX-тің оның акционерлерінің құрамынан шыққанын хабарлайды.
- KASE 2024 жылдың 05 карашасынан бастап KASE индексін есептеу үшін өкілетті тізімді анықтады.
- KASE ресми тізіміне "Интергаз Орталық Азия" АҚ үш шығарылым, "Сейф-Ломбард" ЖШС үш шығарылым , "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ-ның KZ2C00012243 (BTRKb15) және KZ2C00012250 (BTRKb16), Жетісу облысы әкімдігінің KZMJ00002046 (JTK022_204) және KZMJ00002061 (JTK022_206) облигациялары, Европалық инвестициялық банктің US298785JW79 (EIB_e3) және Азия даму банкінің US045167GD94 (ASDBe18) халықаралық облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен "3А-БэстГрупп" АҚ KZ1C00001353 (BSGR) жай акциялары және "Эмир Құрылыс Астана" ЖШС KZ2P00010267 (EMQApp1) облигациялары алынып тасталды.
- "Тойота Файнаншл Сервисез Казахстан" МҚҰ" ЖШС KZ2P00011976 (MFTFb4), "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KZ2C00011542 (IDFRb7), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00011583 (BRKZb38), "Қазақстан орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012052 (KFUSb79), "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00012185 (LZGRb8) және "Ломбард "GoldFinMarket" ЖШС KZ2P00012206 (MFLGb2) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- 2024 жылдың карашасында және 2025 жылдың қыркүйегінде орындалатын фьючерстермен сауда-саттық ашылды.
- "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС KZ2P00010408 (MFUCb5), "Микроқаржы ұйымы аФинанс" ЖШС KZ2P00011513 (MFAFb7) және "Сейф-Ломбард" ЖШС KZ2P00011729 (MFSLb3) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне ауыстырылды.

## ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстанның Қаржы министрлігі KASE-де 26,5 млн МЕУКАМ KZKD00000543 (MUM192_0002) орналастырды.
- "Лизинг Групп" АҚ KZ2C00012185 (LZGRb8) облигацияларын орналастыра отырып, KASE-де $1,1 млн тартты.
- Жетісу облысының әкімдігі KZMJ00002046 (JTK022_204) және KZMJ00002061 (JTK022_206)) облигацияларын орналастырып, KASE-де 13,1 млрд теңге тартты.
- "Алтын Сапа ALM" ЖШС KASE-ден 6,0 млн KZ2P00009962 (ALSPb1) өз облигациясын 6,1 млрд теңгеге кері сатып алды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012052 (KFUSb79) облигацияларын орналастыру арқылы KASE-де 7,0 млрд теңге тартты.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЖДҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпарат берді.
- "Бәйтерек "ҰБХ" АҚ мен Lesha Bank LLC (Public) "Bereke Bank" АҚ сату бойынша мәмілені аяқтады.
- 01 карашадан бастап "ҚазТрансОйл" АҚ еншілес компаниясының су беру тарифі өзгереді.

**11.10.2024**

| | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 5 148,13 | 0,4 | -0,2 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| NVIDIA Corp. | 133,75 | 8,3 | 25,8 |
| Intel Corporation | 23,74 | 4,6 | 27,4 |
| АО Kaspi.kz | 53 883,90 | 2,1 | -11,3 |
| Apple Inc. | 228,15 | 1,9 | 3,4 |
| Pfizer Inc. | 29,00 | 1,5 | -1,7 |
| PayPal Holdings Inc. | 79,94 | 1,5 | 17,6 |
| АО "Кселл" | 3 264,28 | 1,1 | 1,3 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 166,31 | 0,9 | 20,4 |
| АО "НАК "Казатомпром" | 18 447,00 | 0,8 | 2,4 |
| АО "KEGOC" | 1 515,00 | 0,7 | 2,4 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 208,87 | 0,2 | 3,8 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 1 914,00 | -0,3 | -1,8 |
| АО "Национальная компания "КазМунай | 13 906,00 | -0,3 | -1,4 |
| АО "Эйр Астана" | 799,00 | -0,4 | 3,1 |
| Microsoft Corporation | 416,00 | -0,5 | 0,3 |
| Starbucks Corporation | 94,50 | -0,8 | 2,8 |
| Freedom Holding Corp. | 96,70 | -0,8 | 9,9 |
| АО "КазТрансОйл" | 820,00 | -0,8 | 0,2 |
| АО "Казахтелеком" | 38 190,00 | -1,0 | -1,0 |
| АО "ForteBank" | 5,10 | -1,7 | - |
| Ford Motor Company | 10,70 | -1,7 | 1,4 |
| АО "Казахстанская фондовая биржа" | 55 000,00 | -1,8 | 0,4 |
| Tesla, Inc. | 227,08 | -6,6 | 5,1 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

## KASE Индексінің акциялары




## Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі




Жергілікті акциялар нарығы оң динамиканы көрсетті. Өткен аптада KASE индексі жасыл аймақта жабылып, 5 148 тармаққа 0,4 %-ға дейін өсті.

Халық Банкі ЖДҚ-ны сатып алу бағдарламасы шеңберінде өз бағалы қағаздарымен мәмілелер туралы ақпарат берді. 30 қыркүйектен 4 қазанға дейінгі кезеңде компания жалпы сомасы $1,7 млн болатын 101 мың жаһандық депозитарлық қолхатты сатып алды. Бұл ретте, ЖДҚ бағасы $16,9-дан $17,7 дейін өзгерді. Халық банкінің акциялары 0,5 %-ға өсті.

KASE индексіне кіретін басқа қаржы компанияларының акциялары теріс динамика көрсетті: Kaspi.kz акциялары 1,1 %-ға, ал ЦентрКредит Банкінің акциялары 0,1 %-ға төмендеді.

Мұнай бағасының төмендеуі аясында ҚазМұнайГаздың акциялары теріс динамиканы көрсетті. Компанияның акциялары бір акция үшін 13 935 теңгеге жетіп, 0,1 % жоғалтты. Сондай-ақ мұнай компаниясы Coöperatieve KMG ER U.A. 87,65 % үлесін және KMG ER Netherlands Energy Coöperatief U.A. 95,10 % үлесін иелене бастады.

Акцияның құны мұнай секторының тағы бір өкілі - ҚазТрансОйл компаниясында 1,4 %-ға төмендеп, 815 теңгеге жетті.

KASE индексінің телекоммуникациялық секторының акциялары аралас серпінді көрсетті: Кселл акциялары бір аптада 0,2 %-ға 3 240 теңгеге дейін өсті, ал Қазақтелеком акциялары 1,5 %-ға 37 994 теңге деңгейіне дейін төмендеді.

Апта қорытындысы бойынша KASE Global секторындағы өсім көшбасшылары NVIDIA Corp. акциялары болды, олар 8 %-ға өсті. Өсім жасанды интеллект төңірегіндегі дүрлігудің жаңа толқынының аясында болды. Өткен сәрсенбіде сауда-саттық ашылғаннан бері микрочип өндірушінің нарықтық құны $400 млрд-қа өсіп, $3,26 трлн долларға жетті.

KASE Global секторында екінші орында Fortinet Inc. акциялары тұр, олар 8 % өсімді көрсетті.

Uber Technologies Inc. акциялары сарапшылардың оң бағалары аясында құнға 5 % қосып, KASE Global секторының көшбасшыларының үштігін жапты.

Аптаның аутсайдерлері арасында Airbus Group SE және Moderna Inc. акциялары ерекшеленіп, олар тиісінше 9 % және 6 % құнын жоғалтты.

Репо нарығындағы соңғы сауда-саттыққа сәйкес, TONIA индикаторы 13,83 %, ал TWINA индикаторы 13,87 % құрады.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




**ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Қыркүйек айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 0,1%-ға, АҚШ доллары үшін 481,11 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 210 млн АҚШ долларынан 222 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Қыркүйек айында республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан валютаны сату 945 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 20% құрады және күніне 45 млн АҚШ долларынан аспайды. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40 %-ға дейін ұлғайту мақсатында Ұлттық Банк қыркүйекте биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асыруды жалғастырды, оның жалпы сомасы 500 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 11 % құрады.

Қыркүйек айында аталған операция шеңберінде Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінен сату көлемі 241,5 млн АҚШ долларын құрады, 2024 жылдың қазанында алтын-валюта резервтерінен валютаны сату 240-тан 260 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде. Үкіметтің республикалық бюджетке трансферттер бөлуге арналған алдын ала болжамды өтінімдері бойынша 2024 жылдың қазан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 1,3-тен 1,4 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді. 2024 жылғы қазанда ЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін валюта сатып алу 850 ден 950 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.24)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2024, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 636,55 | 0,35 | 2,73 | 15,44 |
| USDKZT | 487,37 | 1,15 | 2,80 | 6,09 |
| EURKZT | 532,94 | 0,30 | 1,86 | 8,93 |
| CNYKZT | 68,96 | 0,44 | 3,43 | 3,96 |
| RUBKZT | 5,09 | 0,39 | -3,82 | -21,62 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 5 815,03 | 1,1 | 4,7 | 33,7 | 1,0 |
| Dow Jones | 42 863,86 | 1,2 | 4,9 | 27,5 | 1,2 |
| РТС | 903,24 | -3,0 | -1,9 | -12,0 | |
| ММВБ | 2 754,52 | -1,8 | 3,2 | -13,2 | |
| Hang Seng | 21 251,98 | -6,5 | 24,2 | 16,5 | -7,0 |
| SS CSI 300 | 3 887,17 | -3,3 | 22,0 | 5,0 | -6,1 |
| Euro Stoxx 50 | 5 003,92 | 1,0 | 5,0 | 19,2 | 0,9 |
| FTSEuroFirst | 5 615,50 | 0,5 | 4,9 | 15,7 | 0,6 |
| FTSE 100 | 8 253,65 | -0,3 | 0,7 | 8,0 | -0,4 |
| KASE | 5 148,13 | 0,4 | -0,2 | 26,4 | |

## Шикізат нарығы 11.10.2024

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 79,04 | 1,3 | 11,9 | -8,1 |
| Мұнай (WTI) | 75,56 | 1,6 | 12,3 | -8,9 |
| Табиғи газ | 2,63 | -7,8 | 15,9 | -21,3 |
| Мыс | 449,35 | -1,8 | 10,1 | 25,1 |
| Темір | 769,00 | -2,9 | 8,5 | -15,4 |
| Алтын | 2 656,59 | 0,1 | 5,8 | 42,0 |
| Күміс | 31,76 | -2,0 | 11,2 | 44,6 |
| Астық | 599,00 | 1,6 | 6,3 | 4,8 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 16.10 | Тұтыну бағасының индексі (ТБИ) (г/г) (қыркүйек) | GBP | 1,9 % | 2,2 % |
| 17.10 | Тұтыну бағасының индексі (ТБИ) (г/г) (қыркүйек) | EUR | 1,8 % | 2,2 % |
| 17.10 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қазан) | EUR | 3,40 % | 3,65 % |
| 17.10 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға бастапқы өтінімдер саны | USD | 241K | 258K |
| 17.10 | Бөлшек сауда көлемі (м/м) (қыркүйек) | USD | 0,3 % | 0,1 % |
| 17.10 | ЕОБ баспасөз конференциясы | EUR | | |
| 18.10 | ЖІӨ (г/г) (3 тоқсан) | CNY | 4,6 % | 4,7 % |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 8,3% | 01.10.24 | 8,4% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 44,6 | 01.10.24 | 42,7 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 13 324,4 | 01.09.24 | 13 477,0 |
| Ақша масса, млрд KZT | 40 251,8 | 01.09.24 | 40 470,1 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 тұрақты | 02.03.24 | BBB-/A-3 тұрақты |
| Moody's | Baa1/тұрақты | 09.09.24 | Baa2/позитивті |
| Fitch Ratings | BBB/тұрақты | 17.05.24 | BBB/тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларын пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023